

6В02304 Филология: қазақ филологиясы
4-курс

Қабылдау жылы: 2023

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
9.1 модуль. Тіл білімі мен әдебиеттің жаңа парадигмасы (20 академиялық кредит)				
КП ТК	ASh 4308	Әдеби шығармашылық	7	5
КП ТК	UT 4309	Ұйымдар тілі	7	5
КП ТК	KTM 4310	Қазақ терминологиясының мәселелері	7	5
КП ТК	AA 4311	Аймақтық әдебиеттану	7	5
9.2 модуль. БАҚ негіздері мен практикасы (20 академиялық кредит)				
КПТК	MZh 4308	Мультимедиялық журналистика	7	5
КП ТК	BZhASh 4309	Бизнес журналистикада ақпарат жинау және жазу	7	5
КП ТК	Izh 4310	Интернет-журналистика	7	5
КП ТК	ZhMZhU 4311	Жаңа медиа жұмысын ұйымдастыру	7	5
9.3 модуль. PR және мультимедиялық IT негіздері (20 академиялық кредит)				
КП ТК	BRKM 4308	Бизнес-риторика және қарым-қатынас мәдениеті	7	5
КП ТК	KUPR 4309	Коммерциялық ұйымдардағы PR	7	5
КП ТК	AMSPR 4310	Әдебиет пен мәдениет саласындағы PR	7	5
КП ТК	PMITK 4311	PR-дағы мультимедиялық және IT-қолдау	7	5
10 модуль. Филологияның өзекті мәселелері және оқыту әдістемесі (28 академиялық кредит)				
КП ЖК	ZhTB 4312	Жалпы тіл білімі	7	6
КП ЖК	AT 4313	Әдебиет теориясы	7	5
БП ТК	KTAOA 4220	Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі	7	6
БП	OP	Өндірістік практика	8	15

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Әдеби шығармашылық

Бағдарлама авторы: Жұмағалиева Р.Р., филология магистрі, аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге әдеби шығармашылықтың әртүрлі ерекшеліктері мен көркем туындыны жазу процесіндегі күрделі сипаттарды жан-жақты түсіндіру. Танымдық және шығармашылық әлеуетін дамыту, шығармашылық процестің заңдылықтары мен әдістемесін меңгерту арқылы көркем әдебиетке сыни көзқарас қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Әдеби шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктері, көркем туындыны жазу процесіндегі әр қилы күрделі сипаттары жөнінде жан-жақты мағлұмат беріледі. Пән студенттердің танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға негізделіп, шығармашылық жұмыстың сан қырлы мәселелерімен таныстыру негізінде творчестволық процестің заңдылықтарын білу, қабілет деңгейіне қарай оның технологиясы мен әдістемесі меңгертіледі, көркем әдебиет шығармаларына сыни көзқарас қалыптастырылады.

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Абайтану

Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Көркем шығармашылықтың теориялық ерекшеліктері мен жазу процесіндегі күрделі сипаттарды түсіну.

В) Шығармашылық процестің технологиясы мен әдістемесін меңгеру және қолдану қабілетін дамыту.

С) Көркем әдеби шығармаларды сыни тұрғыдан талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Д) Шығармашылық жұмыстың түрлі аспектілерін сыни тұрғыдан зерттеп, қорытынды жасау қабілетін жетілдіру.

Е) Танымдық және шығармашылық әлеуетті дамытып, әдеби шығармашылыққа жауапкершілікпен қарау.

Пәннің атауы: Ұйымдар тілі

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.К., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Жалпы тілдік жүйеде ұйымдар тілінің алатын орны мен ерекшеліктері, ұйымдар қолданылатын тілдердің жалпы тілдер жүйесіндегі қолданылу барысы мен олардың ұйымдар жұмысындағы қолданыс ерекшеліктерін студенттерге меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты оқыту барысында студенттерге ұйымдар тілінің жалпы тілдік жүйедегі орны мен қолданыс ерекшеліктері туралы білім беріледі. Ұйымдар тілі туралы ұғым, олар туралы зерттеуші ғалымдардың тұжырымдары игертіледі. Ұйымдар тілінің қолданыс ерекшеліктері мен тиімділіктерін т.б. ажырата алу, ұйымдар тілі мен олардың тілдік жүйедегі қолданысы туралы зерттеген ғалымдар пікірлеріне тұжырым жасай алу, теориялық білімдерін қызмет барысында тәжірибеде қолдана алу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Пререквизиттер: Стилистика және тіл мәдениеті, Ауызекі дискурстың зерделенуі мен тәжірибесі

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Ұйымдар тілінің жалпы тілдік жүйедегі орнын және ерекшеліктерін түсіну.

В) Ұйымдарда қолданылатын тілдердің тілдік жүйедегі қолданылу барысы мен тиімділіктерін талдау қабілетін дамыту.

С)Ғылыми зерттеулер мен теорияларды пайдалана отырып, ұйымдар тілінің қолданыс ерекшеліктерін зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

Д)Ұйымдар тілінің теориялық білімдерін практикалық қызметте қолдану және сыни талдау жасау қабілетін жетілдіру.

Е)Ұйымдар тілінің ерекшеліктерін түсініп, оны тиімді пайдалану арқылы кәсіби жауапкершілікті сезіну.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Қазақ терминологиясының мәселелері

Бағдарлама авторы: Карагулова Б.С., ф.ғ.к., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге терминдерді қазақ тілінде тиімді дамыту және терминтану теориясының семантикалық талдауларын пайдалана отырып, термин мен жалпы қолданыстағы сөздердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді оқу барысында білім алушылар тілдегі барлық терминдерді жаппай ұлт тілінде сөйлету емес, тіл мүмкіншілігіне қарай отырып, барынша терминдерді қазақ тілінде дамыту, жалпы қолданыстағы сөздерді терминдендір, сонымен қатар бұл үдерісті, яғни жалпы қолданыстағы сөздерді терминдендіру мәселесін ең алдымен, терминтану теориясында қарастырылып жүрген семантикалық талдаулардың негізінде әр түрлі ғылым мен тіл бөлімдерінде терминмен жалпы қолданыстағы сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға болатындығын, сол арқылы аталған сөздерді терминге айналдыра отырып, семантикалық өзгерістер арқылы терминологиядағы көп мағыналылықпен омонимдік қасиеттерді анықтауға қол жеткізуге болатындығын меңгереді.

Пререквизиттері:Тіл біліміне кіріспе, Неология саласының негіздері

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А)Терминтану теориясы және семантикалық талдаулар негізінде термин мен жалпы қолданыстағы сөздердің ерекшеліктерін түсіну.

В)Қазақ тілінде терминдерді дамыту және қолданыстағы сөздерді терминге айналдыру дағдыларын меңгеру.

С)Терминологиядағы көп мағыналылық пен омонимдік қасиеттерді семантикалық тұрғыдан талдау қабілетін қалыптастыру.

Д)Терминдерді ғылыми негізде сыни талдап, олардың мағыналық өзгерістерін бағалау дағдыларын дамыту.

Е)Қазақ тіліндегі терминологияны дамытуға жауапкершілікпен қарау және алған білімді тәжірибеде қолдану.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Аймақтық әдебиеттану

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова Ә.Ж., г.ғ.м., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Ақтөбе өңірінен шыққан әдебиет өкілдерінің өмірі, шығармалары туралы мәлімет беру. Ел арасында жүрген ғылыми деректерді жинап, зерттеп жүрген зерттеуші-ғалымдар еңбегімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Аталған пәнде Ақтөбе өңірі әдебиетінің негізгі үш саласы оқытылады: халық ауыз әдебиеті (фольклор), ақын-жырау поэзиясы және жазба әдебиеті. Осылардың ішіндегі ауыз әдебиеті үлгілері қазақ елінің басқа өңірдегілеріндей негізінен қатар дамыған болса, жырау поэзиясы басқа аймақтарда бұрын көтеріліп, қаланды деуге болады. Пәннің мақсаты жергілікті әдебиет өкілдерінің мұрасын жан-жақты оқыту болып табылады.

Пререквизиттері: Қазақ халық ауыз әдебиеті, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Ақтөбе өңірі әдебиетінің негізгі салалары мен өкілдері туралы теориялық білімді меңгеру.

B) Халық ауыз әдебиеті, ақын-жырау поэзиясы және жазба әдебиетін салыстырып талдау қабілетін дамыту.

C) Зерттеуші ғалымдардың еңбектерін пайдалана отырып, өңір әдебиетін ғылыми тұрғыдан зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

D) Ақтөбе өңірінің әдеби мұрасын сыни тұрғыдан талдап, қорытынды жасау қабілетін жетілдіру.

E) Жергілікті әдебиет өкілдерінің шығармаларын бағалап, ұлттық әдеби мұраны сақтау мен дамытуға жауапкершілікпен қарау.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Мультимедиялық журналистика (Minor)

Бағдарлама авторы: Нұрмағамбетова Г.Б., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) барлық түрлерінің теориялық негіздері мен жұмыс істеу ерекшеліктерін түсіндіру, олардың конвергенция процесін зерттеуді үйрету. Сонымен қатар, журналистің мультимедиа жұмысының ерекшеліктерін таныстыру және мультимедиялық материалдарды жазу мен практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курстың мақсаты БАҚ-тың барлық түрлерінің теориялық негіздерін, олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының әр түрлі конвергенция процесін зерделей білуге үйрету болып табылады. Курстың міндеті - журналистің мультимедиа жұмысының ерекшелігін таныту. Курста студенттердің өзіндік жұмысына арнайы көңіл бөлінеді, мультимедиялық материалдарды жаза білуге үйретеді. Оны практикада қолданудың әдісін меңгертеді.

Пререквизиттері: Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Ұлттық баспасөз тарихы мен ежелгі түрік бітіктастарының рухани мұрасын түсіну.

B) Бұқаралық ақпарат құралдарының теориялық негіздері мен конвергенция процестерін талдау дағдыларын меңгеру.

C) Мультимедиялық материалдарды құрастыру және журналистік жұмыстарды практикалық тұрғыдан орындау қабілетін қалыптастыру.

D) БАҚ-тың түрлі түрлерін және мультимедиа құралдарын сыни тұрғыдан бағалау және қолдану қабілетін дамыту.

E) Ұлттық ақпарат құралдарының дамуына және рухани мұраға жауапкершілікпен қарау.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Бизнес журналистикада ақпарат жинау және жазу (Minor)

Бағдарлама авторы: Нұрмағамбетова Г.Б., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысының ерекшеліктерімен таныстыру және практикалық мерзімді басылымдарда жұмыс істеу, ұйымдастыру және шығару үшін қажетті дағдыларды игерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың мақсаты: студенттерді бұқаралық ақпарат құралдары жұмысының ерекшеліктерімен таныстыру және практикалық мерзімді басылымдарда жұмыс істеу, ұйымдастыру және шығару үшін қажетті дағдыларды игерту. Міндеті: ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық тұрғыда жасап көру; журналистік жанрларды игеру; газет дайындау және өндіріс техникасымен таныстыру; дербес шығармашылық және оқыту дағдыларын дамыту; баспа басылымын өндіру технологиясын меңгеру.

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Қазақ лирикасының тарихы
Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс ерекшеліктерін түсіну және мерзімді басылымдардың ұйымдастырылуы туралы теориялық білім алу.
- В) Ақпарат жинау мен журналистік әдістерді практикада қолдану дағдыларын меңгеру.
- С) Журналистік жанрларды пайдаланып, мерзімді баспа басылымдарын дайындау және шығару қабілетін қалыптастыру.
- Д) Газет өндірісінің техникасы мен технологияларын сыни тұрғыдан талдау және қолдану.
- Е) Мерзімді басылымдардың сапалы жұмыс істеуіне және журналистік шығармашылыққа кәсіби жауапкершілікпен қарау.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Интернет-журналистика

Бағдарлама авторы Нұрмағанбетова Г.Б., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: желілік журналистиканың ерекшелік сипаттарымен, Интернеттің пайда болу және дамуымен, желіні пайдаланып жұмыс істеу әдістерімен, веб-парақшаларын әзірлеудің шығармашылық процесімен, сайттарды басқару жүйесімен таныстыру, желілік журналистиканың 80 жанрлары мен пішіндерін меңгеруі, веб-журналистің еңбек қарымқатынастарын реттейтін кәсіби-этикалық ережелер және қағидалармен, Интернет журналистиканың қазіргі теориялық мәселелерімен таныстыру. Тәжірибелік сабақтарда интернет-БАҚ-тың ерекшелігін, ақпаратты беру тәсілдерін, желілік жүйелерді табысты жүргізудің принциптерін; web-дизайн и web-коммуникация негіздеріне көңіл бөлінеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Аталған пән журналистика саласындағы ақпараттық технологиялардың тиімділігі, қалыптасуы және даму сатылары; ақпараттық – телекоммуникациялық, электрондық техникамен жұмыс істеу, модельдеу, интерактивті құралдарды қолдану, интернетте жұмыс істеу, әлеуметтік желілердің жұмыстарын жүргізуді меңгертуге негізделеді. Ақпараттық байланыс құралдарын пайдалану арқылы кәсіптік шеберлігін, дағдыларын жетілдіреді. Студенттер телевидение, радио, интернет, спутниктік байланыс, соңғы ақпараттық технологиялар туралы жалпы түсінік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Стилистика және тіл мәдениеті, «Қоғаммен байланысқа» кіріспе

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Желілік журналистиканың теориялық негіздерін, интернет журналистиканың даму тарихы мен жанрлық ерекшеліктерін, веб-журналистиканың кәсіби-этикалық қағидаларын меңгеру.
- В) Интернет-журналистика жанрларын, желілік ақпаратты ұсыну тәсілдерін, сайттар мен веб-парақшалар жасаудың және басқарудың әдістерін тәжірибеде қолдану қабілетін дамыту.
- С) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, web-дизайн және web-коммуникация құралдарын қолданып, желілік БАҚ-та дербес шығармашылық жұмыс жасау және материал әзірлеу дағдыларын қалыптастыру.
- Д) Интернет-журналистиканың қазіргі мәселелеріне сыни көзқараспен қарау, желідегі ақпараттық процестерді бағалау және кәсіби шешім қабылдау қабілетін жетілдіру.
- Е) Желілік журналистиканың қоғамдағы рөлін түсіну, кәсіби этиканы ұстану және желілік ақпарат таратуда жауапкершілікпен әрекет етуге дайын болу.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Жаңа медиа жұмысын ұйымдастыру (Minor)

Бағдарлама авторы: магистр оқытушы Нұрмағанбетова Г.Б.

Курсты оқытудың мақсаты Жаңа медиа кеңістігінде тиімді жұмыс істеу үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқытудың негізгі мақсаты жаңа технологияны пайдалана отырып, баспасөз мәтінін, аудио, бейне, интернет және басқа да материалдарды даярлап, редакциялау, түрлі типтегі БАҚ-та орныққан норма, стандарт, формат, стиль, технологиялық талаптарды орындау; ақпаратты өңдеуде заманауи компьютерлік бағдарламаларды, мобильді құралдарды және іздеу жүйелерін пайдалана отырып, техникалық және электронды есептегіш құралдарды меңгерту; БАҚ-тың түрлі құрылымдарында, шығармашылық ұжымдарда жұмысты ұйымдастыра білу сияқты дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пререквизиттері: Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жаңа медиа кеңістігінің теориялық негіздерін және ақпараттық технологияларды терең түсіну.

В) Баспасөз мәтіндерін, аудио, бейне және интернет материалдарын даярлау және редакциялау практикалық дағдыларын меңгеру.

С) Ақпаратты заманауи компьютерлік бағдарламалар, мобильді құрылғылар және іздеу жүйелері арқылы тиімді өңдеу қабілетін қалыптастыру.

Д) БАҚ-тағы түрлі құрылымдарда және шығармашылық ұжымдарда жұмыс ұйымдастыру және басқару дағдыларын дамыту.

Е) Кәсіби этика мен жаңа медиа стандарттарын ұстана отырып, ақпараттық кеңістікте жауапкершілікпен жұмыс істеуге дайын болу.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Бизнес-риторика және қарым-қатынас мәдениеті (Minor)

Бағдарлама авторы: Мұратбек Б.К., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Бизнес – коммуникацияларда теориялық білім мен қажетті практикалық дағдыларды игеру, соның ішінде жеке коммуникативтік мәдениет және өнімді қызметке қол жеткізу үшін ұжыммен қарым-қатынас жасау, қолайлы адамгершілік атмосферасын құру, серіктестермен келіссөздер жүргізу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты оқыту барысында көзделетін мақсат бизнес риториканың қалыптасу тарихы, бизнес-риторикадағы белгілі есімдердің өмір жолы, аталған саланың теориясы, концепциялары, танымал ғалымдар мен шешендердің шеберлігі туралы түсінік беру. Сондай-ақ, көпшілік алдында сөйлеудің талаптары мен ережелері; аудиторияның түрлері; әр түрлі жанрдағы пікірлерді ұйымдастыру, құру; іскерлік қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларында сөйлеушінің сөйлеу мінез-құлқына қатысты этикеттік талаптарды меңгерту болып табылады.

Пререквизиттері: Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Бизнес-коммуникация теориясы мен риторикасының негіздерін, танымал ғалымдар мен шешендердің еңбектерін меңгеру.

В) Іскерлік қарым-қатынаста қолайлы адамгершілік атмосферасын құру және ұжыммен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

С) Көпшілік алдында сөйлеудің талаптары мен ережелерін қолдану, әр түрлі аудиторияға арналған пікірлерді құру және ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.

Д) Серіктестермен келіссөздер жүргізу және іскерлік қарым-қатынастағы этикалық талаптарды орындау қабілетін жетілдіру.

Е) Жеке коммуникативтік мәдениетті қалыптастырып, бизнес-коммуникациядағы кәсіби этиканы ұстана отырып, жауапкершілікпен жұмыс істеуге дайын болу.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Коммерциялық ұйымдардағы PR

Бағдарлама авторы: Нұрмағанбетова Г.Б., оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мамандарды ұйымның халық арасындағы оң имиджін қалыптастыруға, мекеме мен жұртшылық арасындағы корпоративтік байланысты жолға қоюға, қоғамдық пікірге әсер ететін көшбасшылармен және БАҚ-пен тиімді қарым-қатынас орнатуға үйрету, сонымен қатар баспасөз конференцияларын өткізу, көпшілік алдында сөйлеу және кәсіби түрде пресс-релиз, мақала жазу дағдыларын дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқытудағы басты мақсат - болашақ мамандардың белгілі бір ұйымның халық арасындағы имиджін қалыптастырудың жолдарын; мекеме мен жұртшылық арасындағы корпоративтік байланысты жолға қоюдың талаптарын; қоғамдық пікірге әсер ететін көшбасшылар, саясаткер, бизнес өкілдерімен қарым-қатынас орнатудың тәсілдерін; БАҚ пен жұмысты ұйымдастыру, баспасөз конференцияларын өткізу, көпшілік алдына сөйлеу, пресс-релиз, мақалалар жазудың талаптарын үйрету болып табылады.

Пререквизиттері: Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А)PR және қоғаммен байланыс саласындағы этикалық нормалар мен моральдық қағидаларды меңгеру.

В)Ұйым имиджін қалыптастыру мен корпоративтік байланысты ұйымдастыру әдістерін игеру.

С)Қоғамдық пікірге әсер ететін көшбасшылар мен БАҚ өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Д)Баспасөз конференцияларын өткізу, көпшілік алдында сөйлеу, пресс-релиз және мақалалар жазу практикалық қабілеттерін қалыптастыру.

Е)Жоғары кәсіби этиканы ұстана отырып, PR қызметінде жауапкершілік пен адалдықты қамтамасыз ету.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Әдебиет пен мәдениет саласындағы PR

Бағдарлама авторы: Обаева Г.С., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге мәдениет және өнер саласындағы PR қызметінің мәні мен функцияларын үйрету, жұртшылықпен байланыс қызметтерін ұйымдастыру моделдерін меңгерту, PR мәтіндерін құрастыру және БАҚ-пен тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ мәдениет және өнер мекемелерінің имиджін қалыптастыру мен басқаруды үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді меңгеру нәтижесінде студент мәдениет саласындағы қоғаммен байланыстың мәні, пәні, PR функциялары және ерекшеліктері туралы білім игереді; мәдениет және өнер саласындағы PR функционалдық бағыттары жайлы ұғынады; жұртшылықпен байланыс қызметтерін ұйымдастырудың негізгі модельдерін игереді; PR-дің технологиялық негіздері: PR-мәтіндерді құрастыру және БАҚ-пен жұмыс істеуге дағдыланады; мәдениет және өнер мекемелерінің имидждік жұмысын ұйымдастыруды үйренеді.

Пререквизиттері: Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А)Мәдениет және әдебиет саласындағы PR-дің теориялық негіздері мен функцияларын түсіну.

В)Мәдениет және өнер саласындағы PR қызметтерінің функционалдық бағыттарын меңгеру.

- С)Жұртшылықпен байланыс қызметтерін ұйымдастырудың негізгі модельдері мен PR технологияларын игеру.
- Д)БАҚ-пен жұмыс істеу және PR-мәтіндерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру.
- Е)Мәдениет және өнер мекемелерінің имиджін қалыптастыру және басқару қабілеттерін дамыту.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: PR-дағы мультимедиялық және IT-қолдау (Minor)

Бағдарлама авторы: Нұрмағанбетова Г.Б., оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерде заманауи PR саласындағы теориялық білім мен практикалық қабілеттердің жүйелік кешенін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқытудың мақсаты студенттер бойында заманауи PR саласындағы білім мен практикалық қабілеттердің жүйелік кешенін дамыту болып табылады. Пәннің міндеттері: PR-ды қолданудың функциялары мен IT-қолдау міндеттері, бағыттары туралы түсінік қалыптастыру; PR-маманының жұмысының негізгі бағыттары туралы түсінік беру; мамандықтың біліктілік сипаттамасымен таныстыру; PR-маманының кәсіби және этикалық талаптарын ашып көрсету; мемлекеттік құрылымдарда, қоғамдық-саяси ұйымдарда және коммерциялық секторда қоғаммен байланыс бөлімшелерінің жұмыс ерекшеліктерін көрсету.

Пререквизиттері: Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А)PR және мультимедиялық технологиялар саласындағы теориялық білім мен IT-қолдану негіздерін меңгеру.

В) PR қызметінде мерзімді баспасөз жанрлары мен пішіндерін қолдану, интернет-сайттарда түрлі жанрда материалдар әзірлеу қабілетін дамыту.

С)PR-маманының кәсіби және этикалық талаптарын түсіну және орындау, қоғаммен байланыс бөлімшелерінің жұмыс ерекшеліктерін талдау.

Д)Мультимедиялық және IT құралдарын қолдана отырып, ақпаратты дайындау, өңдеу және тарату дағдыларын қалыптастыру.

Е)Заманауи PR саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық сектордағы байланыс қызметтерін ұйымдастыру және басқару қабілетін дамыту.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Жалпы тіл білімі

Бағдарлама авторы: Тектіғұл Ж.О., филол.ғ.д., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейін өтіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді

Пәннің қысқаша мазмұны: Тіл ғылымындағы сабақтастық оның даму жөніндегі қисыны, бірегейлігі мен көп аспектілігі туралы мәліметтермен танысып, жалпы тілдік функциялары мен тіл табиғатын, олардың қоғам өміріндегі ролі мен мәселелерін, тілдерді зерттеу әдістерінің бүгінгі бағыттарын ажырата біледі, әлемдік тіл біліміндегі жетекші ғалымдардың еңбегімен танысады, жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды жобалауға, дайындауға үйренеді.

Пререквизиттері: Стилистика және тіл мәдениеті, Ұйымдар тілі

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А)Студенттердің филология факультеті бойынша алған тілдік білімдерін жинақтап, теориялық білімдерін тереңдету.

- В)Тіл ғылымының даму қисыны мен сабақтастығын, тіл функциялары мен тіл табиғатын, олардың қоғамдағы ролін түсіну.
- С)Әлемдік тіл біліміндегі жетекші ғалымдардың еңбектерімен танысып, жалпы және жеке тіл біліміндегі ортақ заңдылықтарды талдау және жобалау қабілеттерін дамыту.
- Д)Тілдерді зерттеу әдістерін ажыратып, тіл біліміндегі теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру.
- Е)Тіл білімі саласында ғылыми танымдық деңгейін көтеру және мамандыққа сәйкес терең теориялық және қолданбалы құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Әдебиет теориясы

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, оның мағынасы мен мәнін, әдеби шығарманың сипаты мен құрылымын түсіндіру; әдебиеттің қоғамдық қызметін және көркем шығармаларды талдаудың әдіс-тәсілдерін үйрету; әдеби жанрлар, өлең жүйелері, тіл мен стиль, әдеби ағымдар мен көркемдік әдістер туралы терең білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Әдебиет теориясы» көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін ұғынады.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Қазіргі қазақ әдебиеті

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А)Студенттерді көркем әдебиеттің жаңалықтары мен тектік сипаттарымен таныстыру, поэтика, стиль және предметтік бейнелеу жүйесін меңгеруге бағыттау.
- В)Көркем шығарманы кешенді талдауға қажетті әдеби теориялық білім мен әдістерді игеру.
- С)Әдебиеттің қоғамдық қызметін, әдеби жанрлар мен өлең жүйелерін, тіл мен стиль ерекшеліктерін талдау және түсіндіру қабілетін дамыту.
- Д)Әдеби талдау принциптері мен методикасын практикалық тұрғыда қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.
- Е)Әдебиеттану саласында ғылыми көзқарас қалыптастырып, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы: Кушкимбаева А.С., PhD., доцент, Ермекбаева Г.Ғ. оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: пәннің типтік бағдарламасына сай қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін қарастырады; Оқыту технологияларымен, сабақтың формалары мен түрлерімен, оқыту әдістерімен таныстырады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқуға қызығушылықты оятатын заманауи білім беру технологияларын саналы түрде таңдауды жүзеге асыруға адайындайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тұжырымдамалық-әдістемелік тәсілдеріне тұтас көзқарас қалыптастырады.

Пререквизиттері: Стилистика және тіл мәдениеті, Әдебиеттануға кіріспе, Ұлттық руханият

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А)Студенттерге қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту.

В) Оқыту технологиялары, сабақ формалары мен түрлері, оқыту әдістері туралы білімдерін дамыту.

С) Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи білім беру технологияларын саналы түрде таңдауға және қолдануға дағдыландыру.

Д) Практикалық тұрғыда қазақ әдебиетін оқыту әдістерін қолдану қабілеттерін қалыптастыру.

Е) Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің тұжырымдамалық-әдістемелік тәсілдерін терең түсініп, оқыту процесін жетілдіруге бағытталған кәсіби көзқарас қалыптастыру.